


IQOS

Пайдаланушының нұсқаулығы


IQOS 3 DUO

Қазақстан Республикасындағы тұтынушыларға арналған ақпарат осы құжаттың қазақ және орыс тілдерінде көрсетілген.

IQOS 3 DUO қуат беру құрылғысы*




IQOS 3 DUO тұтқышы*




*IQOS 3 DUO құрылғысы IQOS 3 үйлесімді

Зарядтау және тазалау



Қуат беру блогы



Қуаттандыру кабелі



IQOS тазалауға арналған құрылғы



IQOS тазалау таяқшалары*
*бөлек сатылады

ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТІ

IQOS құрылғысы туралы қосымша ақпарат алу үшін келесі сайтқа кіріңіз:

www.iqos.com

IQOS

CARE+PLUS

IQOS пайдаланушыларына арналған кеңейтілген қолдау көрсету қызметтері

www.iqos.com/careplus**

** IQOS CARE PLUS желісі еліңізде қолжетімді болмауы мүмкін.

IQOS әлеміне араласыңыз


IQOS туралы қосымша мәлімет алу үшін Google Play дүкенінен IQOS Connect қолданбасын жүктеп алыңыз*



*Google Play және Google Play логотипі — Google LLC компаниясының сауда белгілері.


* IQOS Connect қолданбасы еліңізде қолжетімді болмауы мүмкін.

Пайдалануды бастау



ҚОСУ

IQOS 3 DUO Қуат беру құрылғысының батырмасын 4 секунд басып тұрып, кейін босатыңыз; Тұтқыштың және Қуат беру құрылғысының индикаторлары баяу қосылады.



ТҰТҚЫШТЫ ЗАРЯДТАУ

IQOS 3 DUO Тұтқышын IQOS 3 DUO Қуат беру құрылғысына салып, зарядтау үшін қақпағын жабыңыз.

Тұтқыш күйі индикаторында Тұтқыштың заряд деңгейі көрсетіледі.

Тұтқыш күйін тексеру



ТҰТҚЫШ КҮЙІН ТЕКСЕРУ

Тұтқыштың күйін тексеру үшін оның түймесін басып босатыңыз.

Тұтқыш индикаторлары IQOS 3 DUO Тұтқышының батареясының деңгейін көрсетеді.



IQOS 3 DUO ҚҰАТ БЕРУ ҚҰРЫЛҒЫСЫНДАҒЫ ТҰТҚЫШ КҮЙІН ТЕКСЕРУ


IQOS 3 DUO Тұтқышының батареясының деңгейін тексеру үшін Қуат беру құрылғысы батырмасын басып босатыңыз.



IQOS 3 ҚҰАТ БЕРУ ҚҰРЫЛҒЫСЫНДАҒЫ ТҰТҚЫШ КҮЙІН ТЕКСЕРУ


IQOS 3 DUO Тұтқышының батареясының деңгейін тексеру үшін Қуат беру құрылғысы батырмасын басып босатыңыз.

IQOS 3 DUO пайдалану жолы



1. ҚЫЗДЫРЫЛАТЫН ТЕМЕКІ ТАЯҚШАСЫН САЛУ

Қыздырылатын темекі таяқшасын сүзгі бетін сыртқа қаратып сүзгімен туралап салып басыңыз.



2. ҚЫЗДЫРУДЫ БАСТАУ

IQOS 3 DUO Тұтқышы дірілдегенше және индикатор (лар) ақ түсте жыпылықтағанша Тұтқыш батырмасын басыңыз.



3. ПАЙДАЛАНУДЫ БАСТАУ


IQOS 3 DUO Тұтқышы екі рет дірілдеген кезде пайдалануды бастаңыз.



4. АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН

Соңғы 30 секунд қалғанын хабарлау үшін, IQOS 3 DUO Тұтқышы екі рет дірілдейді және индикатор ақ түспен жыпылықтайды.


IQOS 3 DUO пайдалану жолы



5. ҚЫЗДЫРЫЛАТЫН ТЕМЕКІ ТАЯҚШАСЫН АЛЫП ТАСТАУ

Қалпақшаны жоғары қарай тартыңыз, пайдаланылған қыздырылатын темекі таяқшасын суырып алыңыз.


Тұтқышты тазалау әдісі



1. IQOS ТАЗАЛАУҒА АРНАЛҒАН ҚҰРЫЛҒЫСЫН ПАЙДАЛАНУ

Қақпақшаны жоғары қарай тартыңыз, толығымен алыңыз.

Құрылғының салқындауын күтіп, IQOS тазалау құралын салып, бірқалыпты бұраңыз.




2. IQOS ТАЗАЛАУ ТАЯҚШАСЫН ПАЙДАЛАНУ

Тұтқыш ішін сүрту үшін IQOS тазалау таяқшасын салыңыз.

IQOS тазалау таяқшасымен қыздыру элементін түртуге болмайды.


Қеңестер



ҚУАТ БЕРУ ҚҰРЫЛҒЫСЫ КҮЙІН ТЕКСЕРУ

Аккумулятор деңгейін тексеру үшін қуат беру құрылғысы батырмасын басып босатыңыз.


Индикаторлар батарея күйін көрсету үшін қосылады.



ҚАЙТА ЖҮКТЕУ


Индикатор өшкенше Қуат беру құрылғысы батырмасын басып босатыңыз.

ҚАЙТА ОРНАТЫЛҒАНЫН растау үшін, барлық күй индикаторлары ӨШЕДІ, екі рет жыпылықтайды және жүйелі өшеді.



АҚ ТҮСТЕ ЕКІ РЕТ ЖЫПЫЛЫҚТАЙДЫ

IQOS құрылғысы температура ауқымынан (0°C-50°C) тыс жұмыс істейді немесе Тұтқышты толығымен зарядталғанынша Қуат беру құрылғысына салу керек.



ИНДИКАТОР ҚЫЗЫЛ ТҮСПЕН ЖЫПЫЛЫҚТАЙДЫ

IQOS 3 DUO құрылғысын қайта жүктеңіз. Қызыл индикатор жыпылықтай берсе, Қолдау қызметіне хабарласыңыз.

IQOS



Бұл белгі өнімді пайдалану кезінде абай болудың қажет екенін көрсетеді.

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӨНІНДЕГІ ЕСКЕРТУ МЕН НҰСҚАУ

ОСЫ НҰСҚАУДЫ ОҚЫП ШЫҒЫП,

ОНЫ САҚТАУЫҢЫЗДЫ СҰРАЙМЫЗ.

Осы құжатта баяндалған қауіпсіздік техникасын сақтау туралы ескертулерде мен нұсқаулары орын алуы мүмкін барлық ықтимал шарттар мен жағдайларды қамтымайды. Кез келген дербес электрондық өнімді пайдалану немесе техникалық қызмет көрсету кезінде сақтық және абайшылық таныту керек. Жарақат алу қаупін төмендету үшін, осы өнімді әрқашан дайындаушының нұсқауларына сәйкес пайдаланыңыз. Бұл өнімде пайдаланушы жөндейтін бөлшектер жоқ. Осы өнімнің құрамдас бөліктерін ашуға, өзгертуге немесе жөндеуге немесе бөлшектер немесе батареялардың ешқайсысын алмастыруға тырыспаңыз, бұл денеге зақым келтіруі мүмкін. Бұл өнімді тұтанғыш заттар, сұйықтықтар мен газдар бар жерлерде пайдаланбаңыз. Бұл өнімді тек қосымша қауіпсіз Өте Төмен Кернеу Пайдалану арқылы қуаттандыруға болады. Бұл құрылғыны тек үй-жай ішінде қуаттандырыңыз. Келесі таңба  электрлік құрылғыны электр желісіне қосу үшін арнайы ажырамалы қуат беру блогын қажет ететінін көрсетеді. Ажырамалы қуат беру блогының түрі белгінің жанында белгіленеді. Қуат көзінің типтік анықтамасы SxxA2x деп көрсетілген, бұл өнімді қуаттандыру үшін аймақтың ашаларына қарай әр түрлі адаптер модельдерін пайдалануға болатынын білдіреді. Өнімді тек келесі мақұлданған IQOS™ қуат беру блогының модельдерінің біреуін пайдаланып қуаттандырыңыз: S52A21, S21A20, S21A22, S21A23, S21A25, S21A27. Бұл өнім ылғал болғанда немесе оған қандай да сұйықтық құйылса, оны ұстамаңыз. Бұл өнімді лақтырмаңыз немесе

соққының әсеріне ұшыратпаңыз. Тұтқыштың қыздыру элементіне ешқашан тимеңіз, бұл жарақат немесе қыздыру элементіне зақым келтіруі мүмкін. Балалардан әрдайым алыс ұстаңыз және олардың осы өніммен ойнауына жол бермеңіз. Бұл өнім физикалық, сезімдік немесе ақыл-ой қабілеттері төмен немесе білімі жеткіліксіз адамдардың, егер оларға қадағалау немесе өнімді қауіпсіз түрде пайдалану туралы нұсқаулар берілмесе және олар қауіп-қатерді түсінбесе, қолдануына арналмаған. Осы өнімді келесі жағдайларда пайдаланбаңыз: i) Электрондық құрылғыларды пайдалануға тыйым салынған жерлерде; ii) Жылу көздерінің үстінде немесе жанында, мысалы, радиаторлар немесе от; iii) егер ол бұзылса, бүлінсе немесе сынса; iv) Егер ол шамадан тыс қызу немесе ылғалдың әсеріне ұшыраған болса.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

IQOS темекі қыздырудың электр жүйесі

тек арнайы қыздырылатын темекі

таяқшаларымен пайдаланылады. IQOS

құрылғысын темекі немесе ұқсас өнімдермен, өндіруші мақұлдамаған

қыздырылатын темекі таяқшалары немесе

бөлшектерімен мүлдем қолданбаңыз. Пайдалану барысында қыздырылатын

темекі таяқшасын алмаңыз. Қыздырылатын

темекі таяқшалары тек бір рет пайдалануға арналған және ешқашан қайта пайдаланылмауы тиіс, сіріңке, шақпақ

немесе басқа жалын көзімен тұтатпаңыз.

Темекі және оның денсаулыққа әсері

- IQOS құрылғысы қауіпсіз емес.
- Қыздырылатын темекі таяқшалары құрамында тәуелділік тудыратын никотин бар.
- Темекіге байланысты денсаулық қаупін азайтудың ең жақсы тәсілі темекі мен никотинді пайдаланудан толық бас тарту болып табылады.

Никотин

- Никотин, әлбетте, қыздырылатын темекі таяқшалары ішінде қолданылатын темекінің құрамына кіреді
- Никотин тәуелділік тудырады және басқа да никотинді өнімдерден туатын жанама әсерлер тудыруы мүмкін, мысалы, бас ауруы, жүрек айнуы немесе тамақ тітіркенуі сияқты. Егер сізде бұл белгілер орын алса, қыздырылатын темекі таяқшаларын қолдануды тоқтатыңыз және денсаулық сақтау маманымен кеңесіңіз
- IQOS құрылғысы жүрек аурулары бар немесе диабетпен ауыратын адамдарға арналмаған.
- IQOS құрылғысын жүктілік кезінде немесе емізу кезінде пайдалануға болмайды.
- Егер сіз жүкті болсаңыз, емшекпен емізіп жүрсеңіз немесе жүкті болуыңыз мүмкін деп ойласаңыз, темекі мен никотинді пайдалануды толық тоқтатып, денсаулық сақтау маманымен кеңесіңіз.

Балалар мен жасөспірімдер

- IQOS құрылғысы тек кәмелетке толғандармен пайдалануға арналған.
- Балалар мен жасөспірімдер IQOS құрылғысын ешбір жағдайда қолданбаулары тиіс.

⚠ МАҢЫЗДЫ ҚАУІПСІЗДІК АҚПАРАТЫ

⚠ ЕСКЕРТУ | Тұншығып қалу және ішке қабылдау қаупі

- Қыздырылатын темекі таяқшаларын өнімін балалар мен үй жануарларынан алыс ұстаңыз
- ТҰНШЫҒЫП ҚАЛУ ҚАУПІ — Қыздырылатын темекі таяқшалары құрамында кішкентай бөлшектер бар.
- ІШКЕ ҚАБЫЛДАУ ҚАУПІ — егер қыздырылатын темекі таяқшаларын жұтып қойсаңыз, никотинді жұту қаупіне байланысты дереу медициналық көмекке жүгініңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ | Аккумулятор қаупі

IQOS құрылғысы бітеу литий-ионды (Li-ion) аккумулятормен қуатталады. Қалыпты пайдалану жағдайларында аккумулятор бітеу болады. Аккумулятор сұйықтығы ағып кетсе, келесі сақтық шараларын орындаңыз:

- Егер сұйықтықты жұтып қойсаңыз, дереу медициналық көмекке жүгініңіз. Құсуды шақырудың немесе тамақ не сусын ішудің керегі жоқ.
- Егер сұйықтықты деммен жұтсаңыз, таза ауаға шығыңыз және медициналық көмекке жүгініңіз.
- Теріге тисе, тиген жерді жуыңыз және көзіңізді ұстамаңыз.
- Көзге тиген жағдайда, кем дегенде 15 минут бойы ағын сумен жуыңыз және медициналық көмекке жүгініңіз.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ | Ыстық аэрозоль қаупі

- IQOS құрылғысын ыстық және ылғалды ауа-райы жағдайында қолдану кезінде, аэрозольдегі су аэрозоль температурасын өте ыстық етеді.
- Бұны болдырмау үшін, қыздырылатын темекі таяқшаларын салқын, құрғақ жерде сақтаңыз. Өнімді жоғары ылғалдылық жағдайларына немесе тікелей күн сәулесіне шығармаңыз. Ыстық жағдайда немесе жоғары ылғалдылық кезінде IQOS құрылғысын пайдаланбаңыз.
- Өзіңізді қолайсыз сезінсеңіз, өнімді пайдалануды тоқтатыңыз және денсаулық сақтау маманына хабарласыңыз.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ | Аллергиялық реакция қаупі

- IQOS құрылғысы аллергиялық реакцияларды тудыруы мүмкін.
- IQOS құрылғысын қолдануды тоқтатыңыз және маңызды аллергиялық реакцияны білдіретін келесі белгілердің кез келгені орын алғанда дереу медициналық көмекке жүгініңіз: беттің, еріннің, тілдің, қызыл иектің, тамақтың немесе дененің ісінуі, тыныс алудың қиындауы немесе қырыл пайда болуы.

Тұтынушының физикалық күйіне әсер етуі мүмкін жағымсыз жағдайларды немесе жайттарды хабарлау

IQOS құрылғысын қолданғанда кез келген жағымсыз әсерге ұшырасаңыз, денсаулық сақтау маманымен кеңесіңіз.

Тұтынушының кез келген физикалық күйіне әсер етуі мүмкін жағымсыз жағдайларды немесе жайттарды тікелей жергілікті Қолдау қызметіне хабарлауға болады (толығырақ ақпаратты Қолдау қызметі және Кепілдік туралы кітапшасынан таба аласыз).


Жанама әсерлер туралы хабарлау арқылы

өнімнің қауіпсіздігі туралы қосымша ақпарат беруге көмектесе аласыз.

Қосымша ақпарат алу үшін www.iqos.com сайтына өтіңіз

IQOS 3 DUO ҚҰРЫЛҒЫСЫН ЖОЮ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Еуропалық Одақ пен ЕАО бойынша жарамды

 Өнімдегі немесе оның орауышындағы бұл белгі осы өнім мен оның элементтерінің (аккумуляторды қоса алғанда) басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге кәдеге жаратылмайтындығын білдіреді. Оның орнына, пайдаланылған құрылғыны электр және электрондық жабдықтардың қалдықтарын кәдеге жаратуға арналған белгілі бір жинау орнына тапсыру сіздің жауапкершілігіңіз болып табылады. Сонымен қатар, пайдаланылған қалдық аккумуляторларды батареяларды сату нүктесіне ақысыз қайтаруға болады.

Жою уақыты келгенде пайдаланылған жабдықтарды (соның ішінде аккумуляторды) бөлек жинау және қайта өңдеу табиғи ресурстарды сақтауға және оның адам денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғайтын тәсілмен қайта өңделуіне көмектеседі. Пайдаланылған жабдықтарды сұрыпталмаған

тұрмыстық қалдық ретінде кәдеге жарату (мысалы, қалдықтарды жағу немесе қоқыс төгетін жерге шығару) қоршаған ортаға және

адам денсаулығына теріс әсер тигізуі мүмкін.

Қалдық жабдықтарды қайда тастауға болатындығы туралы қосымша ақпарат алу үшін, жергілікті қала әкімшілігіне, жергілікті

тұрмыстық қалдықтарды жинау қызметіне немесе өнімді сатып алған дүкенге хабарласыңыз.

Өнімнің жергілікті импорттаушысы жергілікті талаптарға сай, жинау орындары арқылы қайтарылған қалдық жабдықтың өңделуі мен қайта кәдеге жаратылуын қаржыландырады.

ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

Тұтқыш:

IQOS 3 A1404 Моделі/

IQOS 3 DUO A1406 Моделі

Аккумулятор түрі:

Литий-ионды қайта

қуаттандырылатын аккумулятор

Кіріс: 5 В  1,6 А

Қытайда жасалған

IQOS қуат адаптері.

Моделі: S52A21, S21A20, S21A22,

S21A23, S21A25, S21A27

Кіріс: 100 В-240 В,

ШАМАМЕН 50/60 ГЦ 0,3 А

Шығыс: 5В  2А

Қытайда жасалған

USB кабелі С үлгісі Қытайда жасалған

Қуат беру құрылғысы:

IQOS 3 A1504 Моделі/

IQOS 3 DUO A1505 Моделі

Аккумулятор түрі:

Литий-ионды қайта

қуаттандырылатын аккумулятор

Кіріс: 5В  2 А

Bluetooth® 4.1

Қытайда жасалған

Тазартқыш құрылғы

Қытайда жасалған

АККУМУЛЯТОРДЫ АЛУ НҰСҚАУЛАРЫ (ҚОҚЫСҚА ТАСТАУҒА ЖӘНЕ ҚАЙТА ӨНДЕУГЕ АРНАЛҒАН)

аккумуляторды тұтынушы алмауы қажет. Өнімнің қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін тек рұқсаты бар өңдеуші аккумуляторларды келесі жолдармен қауіпсіз ала алады

IQOS 3 DUO қуат беру құрылғысы (A1505):

1-қадам: Құрылғыны бөлшектеу алдында тоғынан толығымен ажырату керек.

Қалпақшасын алып, екі жағындағы бұранданы шешіңіз.

2-қадам: Қуат беру құрылғысын корпустан ажыратыңыз.

3-қадам: Бекіткішті алу үшін босатыңыз.

4-қадам: Қуат беру құрылғысының жүйелік тақтасын алу үшін, барлық жалпақ баспа схемаларын және коннекторды ажыратыңыз.

5-қадам: Аккумуляторды алып, жергілікті ережелерге сәйкес қоқысқа тастаңыз.

IQOS 3 DUO Тұтқышы (A1406):

1-қадам: Құрылғыны бөлшектеу алдында тоғынан толығынан ажырату керек. Ұстағыштан алдыңғы қақпағын шешіңіз.

2-қадам: Артқы қақпақты алыңыз.

3-қадам: Тұтқыштан қуат батырмасын алыңыз.

4-қадам: Аккумуляторды ортаңғы бөлігі мен жақтаудан ажырату үшін, желім мен дәнекерлеушіні жойыңыз. Ортаңғы бөлік желімге байланысты қиылуы қажет.

5-қадам: Аккумуляторды алып, жергілікті ережелерге сәйкес қоқысқа тастаңыз.

Осы арқылы Philip Morris Products S.A. компаниясы IQOS 3 DUO құрылғысының 2014/53/ЕО директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы ресми мәлімдемені мына жерлерден табуға болады

www.pmi.com/declarationofconformity

IQOS 3 DUO моделі А1505 қуат беру құрылғысы 2,402–2,480 ГГц жиілік ауқымында жұмыс істейтін 10,0 дБм-нан төмен максималды шығыс радиожиелік қуатында жұмыс істейтін таратқышпен жабдықталған. IQOS 3 DUO қуат беру құрылғысы (А1505 үлгісі) 13.56 МГц жиілігінде жұмыс жасайтын пассивті NFC таңбасымен жабдықталған.

Қытайда Philip Morris Products S.A. тапсырысы бойынша жасалған, Кэ Жанрено 3, 2000, Ньюшатель, Швейцария.

Электрлік темекі қыздыру жүйесінің сәйкестігін міндетті растау туралы ақпарат

Электрлік темекі қыздыру жүйесі элементтерінің заңнаманың міндетті талаптарына сәйкестігі қажетті сертификаттармен және мағлұмдамалармен расталған. Атап айтқанда, жүйенің элементтерінің төмендегі техникалық регламенттер мен мемлекеттік стандарттарға сәйкестігі расталған: 020/2011 ҚО ТР техникалық регламенті

004/2011 ҚО ТР техникалық регламенті

Қуат беру блогының жасап шығарылған жылына қуат беру блогында жазылған сериялық нөмердегі алғашқы сан (sn: ywwdxxxxx) сәйкес келеді, бұл жерде у = жылдар (1 = 2011; 2 = 2012; және т.с.с.). Тұтқыштың немесе қуат беру құрылғысының жасап шығарылған жылын қолдау қызметінің телефоны бойынша қонырау шалып, Тұтқыштың қақпағының астында немесе зарядтау құрылғысының бүйірлік панелінде жазылған 14 белгіден тұратын әріпті - санды кодты айту арқылы анықтауға болады. Көрсетілген элементтердің қайсысы сіздегі IQOS электрлік темекі қыздыру жүйесі жиынтығына кіретіндігі туралы ақпаратты қаптамадан таба аласыз.

Қазақстан Республикасы - Импорттаушы өнім беруші және тұтынушылардың шағымдарын қабылдайтын ұйым: "Филип Моррис Қазақстан" ЖШС, Ілияс Жансүгіров көшесі, 90, Өтеген батыр кенті, Іле ауданы, Алматы облысы, Қазақстан, 040700

Армения Республикасы - Импорттаушы, өнім беруші және тұтынушылардың наразылығын қабылдайтын ұйым: «Филип Моррис Армения» ЖШҚ, В. Саргсян 2, Ереван қаласы, Армения Республикасы, 0010.

Қазақстан Республикасындағы тұтынушыларға арналған ақпарат осы құжаттың қазақ және орыс тілдерінде көрсетілген.



Bluetooth® сөз белгісі мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. корпорациясының иелігіндегі тіркелген сауда белгілері болып табылады және Philip Morris Products S.A. және оның еншілес кәсіпорындары мұндай белгілерді пайдалануды лицензия бойынша жүзеге асырады. Басқа сауда белгілері мен сауда атаулары олардың тиісті иелерінің меншігінде.

© 2019 "Philip Morris Products S.A."

IQOS тауар белгісінің иесі

"Philip Morris Products S.A."

болып табылады Кэ Жанрено 3, 2000,
Ньюшатель, Швейцария

